

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 қыркүйектегі N 1642 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 шілдедегі № 127 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.07.25 № 127 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қолдансын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

6

қ ы р к ү й е к т е г і

N

1 6 4 2

Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы ЕРЕЖЕ

Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткеру туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдарында қызмет өткерудің тәртібі мен шарттарын регламенттейді.

1. Жалпы ережелер

1. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері және осы Ереже құрайды.

2. Осы Ережеде қаржы полициясы органдарының қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған ұғымдар пайдаланылады.

3. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызметте болған уақыты олардың жалпы еңбек өтіліне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет өтіліне есептеледі.

4. Қаржы полициясы органдарындағы ішкі тәртіп Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) (бұдан әрі - уәкілетті орган) басшысы бекітетін регламентпен белгіленеді.

2. Қаржы полициясы органдарына қызметке қабылдау

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы полициясы органдарына қызметке он сегіз жасқа толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, білім деңгейі және денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды, бірақ жасы қырықтан аспаған, ал қатардағы және кіші басшы құрамға - отыз екі жастан аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады. Ерекше жағдайларда, жеке тәртіпте, көрсетілген жас шектеуі уәкілетті орган басшысының шешімімен өзгертіледі.

6. Қаржы полициясы органдарының оқу орындарында оқу үшін белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарыла және қаржы полициясы органдарында арнайы есепке қойыла отырып, он алты жасқа толған, орта білімі бар, денсаулық жағдайы бойынша қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге жарамды а д а м д а р қ а б ы л д а н а д ы .

Қаржы полициясы органдарының оқу орындарына қабылдау тәртібін Қазақстан Республикасының оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының күндізгі бөлімдерінде оқу мерзімі мерзімді әскери қызметті өткеруге теңестіріледі.

7. Қатардағы және кіші басшы құрамның лауазымдарына орта білімнен төмен емес білімі бар азаматтар қабылдана алады.

Орта және аға басшы құрамның лауазымдарына жоғары білімі бар азаматтар қабылданады.

8. Қатардағы және басшы құрамның лауазымдарына тағайындалған немесе қаржы полициясы органдарының кадрларына қабылданған әскери міндеттілер белгіленген тәртіппен әскери есептен шығарылады және қаржы полициясы органдарында арнайы есепте тұрады.

9. Қаржы полициясы органдарына қызметке кіру азаматтар міндетті арнайы тексеруден, сондай-ақ қызметке жарамдылығын анықтау үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі жүйесінің әскери-дәрігерлік комиссияларында (бұдан әрі - әскери-дәрігерлік комиссия) медициналық куәландырудан өткен жағдайда жүзеге асырылады.

10. Егер Қазақстан Республикасының азаматы:

сотпен белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырылған;

соттың күшіне енген шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған;

соттылығы бар немесе бұдан бұрын сотты болған және ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған ;

мемлекеттік қызметке кірер алдында бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығын жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған;

қызметке кірер алдында бір жыл ішінде қасақана құқық бұзушылығы үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

мемлекеттік қызметтен бұдан бұрын теріс қылықтары бойынша шығарылған;

маскүнемдікпен немесе нашақорлықпен созылмалы науқас ретінде денсаулық сақтау органдарында есепте тұрған;

науқасы бойынша мерзімді әскери қызметтен босатылған және әскери басқару органдарында әскери саптық қызметке жарамсыз не шектеулі жарамды ретінде әскери есепте тұрған болса;

осы Ереженің 5 және 7-тармақтарында көзделген талаптарға сай келмесе, қаржы полициясы органдарына қызметке қабылдана алмайды.

11. Қызметкерлерді қаржы полициясы органдарына қызметке қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережеге с ә й к е с р е с і м д е л е д і .

Бұйрық қаржы полициясы қызметкеріне қолын қойғызып жарияланады.

12. Қаржы полициясы органдарына қызметке қабылданған азаматтар ант қабылдайды, оны қабылдау тәртібін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

13. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлес және стипендия төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

14. Толық емес ай үшін ақшалай үлес төлеу кезінде күнтізбелік күн үшін төлем мөлшері толық ай үшін тиесілі ақшалай үлес сомасын сол айдағы күнтізбелік күндердің санына бөлу жолымен айқындалады.

Егер қызметкерге ақшалай үлес төленетін кезеңде атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы өзгеруіне, лауазымдық жалақысын, үстемеақыларын ұлғайту құқығы туындауына байланысты ақшалай үлесінің мөлшері өзгерсе немесе оған арнайы атақ берілсе, қызметкерге тиісті қайта есептеу жүргізіледі.

15. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің орын ауыстыруы, ауысуы, сондай-ақ қызметтен босатылуы кезінде қаржы-шаруашылық бөлімшесі оларға ақшалай үлес төлейді және төленген сомалар туралы ақша аттестатына жазылады.

16. Бланктің нысанын, ақша аттестатын берудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның басшысы бекітеді.

17. Қаржы полициясы органының қызметкері белгіленген тәртіппен нысанды және арнайы киім-кешекпен тегін қамтамасыз етіледі, оны киіп жүру ережелерін уәкілетті органның басшысы белгілейді.

18. Қаржы полициясы органдарының оқу орындарына күндізгі оқу нысаны бойынша оқуға түсетін адамдар келісімшарт жасасады. Келісімшартта тараптардың (оқуға түсетін адамның және оқу орны басшысының) өзара міндеттемелері мен жауапкершілігі белгіленеді және оқу орнын бітіргеннен кейін қаржы полициясы органдарында әрі қарай қызмет өткеру тәртібі мен мерзімі көзделеді. Келісімшарт қабылдау комиссиясының оқуға түсетін адамды қаржы полициясы органдарының оқу орнына қабылдау туралы шешімінен кейін жасалады. Келісімшарттың нысанын, оны жасасудың тәртібін уәкілетті органның б а с ш ы с ы а й қ ы н д а й д ы .

Қаржы полициясы органдары оқу орындарын күндізгі оқу нысаны бойынша бітірушілер қызметке бөлінуіне сәйкес қызмет өткереді.

19. Қаржы полициясы оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық жалақылар (стипендиялар) төленеді.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының күндізгі бөлімдері курсанттарының (тыңдаушыларының):

әскер жасына толған және үлгермеушілігі, тәртіпсіздігі бойынша, сондай-ақ өз еркімен оқудан шығарылғандары, егер олар оқу орнына түскенге дейін мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермесе, арнайы есептен шығару үшін тұрғылықты жері бойынша әскери басқару органдарына жіберіледі. Олар өздерінің оқыған кезеңінде лауазымдық жалақы (стипендия) төлеуге, тамақтануына, заттай үлеске жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге

міндетті. Ұстап қалуға жатқызылатын сома оқу орнында болған әрбір толық ай үшін теңбе-тең есептелінеді;

қаржы полициясы органдарының оқу орындары диплом алдындағы практикадан өту үшін қаржы полициясы органдарына жіберілгендері практикадан өту кезеңіне тиісті ақшалай үлес төлене отырып, лауазымға тағайындалады;

қаржы полициясы органдарына лауазымға тағайындалмай тағылымдамаға жіберілгендері қаржы полициясы органдарының оқу орны төлейтін лауазымдық жалақы (стипендия) алады.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының күндізгі бөлімін бітірген қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органдарында кемінде бес жыл жұмыс істеуге міндетті.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері ол қаржы полициясы органдарының оқу орнын бітіргеннен кейін қаржы полициясы органдарында бұдан әрі қызмет өткеруден бас тартқан не келісімшартты мезгілінен бұрын бұзған жағдайда олар өздерінің оқыған кезеңінде лауазымдық жалақы (стипендия) төлеуге, тамақтануына, заттай үлесіне жұмсалған бюджет қаражатын мемлекетке өтеуге міндетті. Ұстап қалуға жатқызылған сома келісімшарт мерзімінің аяқталуына дейін әрбір өткерілмеген толық ай үшін теңбе-тең есептелінеді.

20. Қаржы полициясы органдары оқу орындарының педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының жоғары білікті ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы уәкілетті органы берген тиісті дипломы болған жағдайда ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми дәрежелері үшін ғылым кандидатына бір айлық ең төменгі жалақы және ғылым докторына екі айлық ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

Ізденушінің (тыңдаушының, адъюнкттің, докторанттың) ғылыми-зерттеу қызметіне басшылық еткені үшін ғылыми жетекшіге (кеңесшісіне) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақы төленеді.

3. Қызметтік куәліктерді және жетондарды беру тәртібі

21. Қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне оның жеке басын және өкілеттігін растайтын қызметтік куәлік және белгіленген үлгідегі жетон беріледі.

Куәліктің және жетонның сипаттамасын уәкілетті органның басшысы бекітеді.

22. Куәлік адамдарға қызметке тағайындалған, қызметі бойынша ауысқан, арнайы атақ берілген кезде және бұрын берілген куәліктің қолданылу мерзімі біткен кезде беріледі.

Қызметке алғаш қабылданған қызметкерге куәлік, жетон тапсырған кезде кадрлар бөлімшесінің басшысы уәкілетті орган басшысы бекіткен құжатты пайдалану ережелері мен оны сақтау тәртібі туралы нұсқамадан өткізеді.

Кейіннен қызмет бойынша ауысқан, қаржы полициясы органдарынан шығарылған, кезекті атақ берілген және бұрын берілген куәліктің қолданылу мерзімі өткен кезде ол алынған жеріне қайтарылады.

4. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін лауазымға тағайындау және қызмет бойынша ауыстыру

23. Қатардағы, кіші, орта және аға басшы құрам лауазымдарының тізбелерін және осы лауазымдарға сәйкес келетін шекті арнайы атақтарды уәкілетті органның басшысы бекітеді.

24. Қаржы полициясы органы басшысының тиісті лауазымға тағайындау туралы бұйрығы қызметкерге ақшалай үлес төлеу үшін негіз болып табылады.

Қаржы полициясы органдары оқу орны басшысының оқуға қабылдау туралы бұйрығы лауазымдық жалақы немесе стипендия төлеу үшін негіз болып табылады.

Қызметкерлерге ақшалай үлес және басқа да төлем түрлерін төлеу қызметке кіріскен күннен бастап жүргізіледі, бірақ бұйрықта көрсетілген күннен немесе егер лауазымға тағайындау күні көрсетілмесе, тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен ерте төленбейді.

25. Қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары, оқу орындары және ведомствоға қарасты өзге де мекемелері басшыларының (бұдан әрі - қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары) қызметке қабылдау, лауазымдарға тағайындау және босату, қаржы полициясы органдарынан қызметтен босату жөніндегі өкілеттіктерін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

26. Лауазымға тағайындауды, қызмет бойынша ауыстыруды және жоғарылатуды қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары өздеріне берілген құқықтарға сәйкес жүргізеді. Бұл ретте мынадай талаптар сақталады:

1) қатардағы және басшы құрам адамдарын лауазымға тағайындау және қызмет бойынша ауыстыру кезінде олардың негізгі немесе ұқсас мамандығы не жинақталған тәжірибесі ескерілуі қажет;

2) қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін қызмет бойынша ауыстыру, әдетте, оларды тиісті қаржы полициясы органы кадрларының қарамағына алмастан жүзеге асырылуға тиіс;

3) орта, аға және жоғары басшы құрамның адамдарын басқа лауазымдарға, сондай-ақ басқа жерге шұғыл ауыстыру қажет болған кезде, бұл туралы шешімді көрсетілген адамдардың келісімімен, осы адамдардың даярлығы мен қызмет тәжірибесін ескере отырып, олардың тікелей бастықтары қабылдайды;

4) қатардағы және басшы құрам адамдарын лауазымдарға тағайындау, қызмет бойынша ауыстыру әскери-дәрігерлік комиссияның медициналық куәландыруы нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

27. Қатардағы және басшы құрам адамдарын қызмет бойынша ауыстыру:

1) жоғары тұрған лауазымдарға - қызмет бойынша жоғарылату тәртібімен;

2) тең дәрежелі лауазымдарға - басқа лауазымдарды алмастыру қажет болған кезде не олардың іскерлік және жеке қасиеттерін неғұрлым мақсатты пайдалану, жаңа мамандық бойынша даярлау үшін, сондай-ақ отбасы жағдайы немесе денсаулық жағдайы бойынша осы адамдардың келісімімен;

3) қаржы полициясы оқу орындарының күндізгі оқу нысанына оқуға түсуіне байланысты - атқаратын штаттық лауазымынан босата отырып, сондай-ақ оқу орнын бітіргеннен кейін лауазымға тағайындалған кезде;

4) төмен тұрған лауазымдарға тікелей бастықтарының не уәкілетті орган басшыларының ұсынысымен:

штат қысқарған немесе қаржы полициясы органын және/немесе мекемесін қайта ұйымдастыру кезінде - осы адамдарды тең дәрежелі лауазымдарға ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда және олардың келісімімен жүргізіледі. Штат қысқарған немесе қаржы полициясы органын және/немесе мекемесін қайта ұйымдастыру кезінде қаржы полициясы органының қызметкері төмен тұрған лауазымнан бас тартқан жағдайда, ол тараптардың келісімі бойынша не бір тараптың бастамасы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша қызметінен босатылуға жатады. Қызметкердің төмен тұрған лауазымнан бас тартуы қаржы полициясы органдарының және/немесе мекемелерінің кадрлар бөлімшелері жасайтын актімен ресімделеді;

денсаулық жағдайы бойынша - әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы (қаулысы) негізінде және көрсетілген адамдардың келісімімен;

аттестациялаудың қорытындылары бойынша анықталған, қызметіне сәйкес к е л м е у і б о й ы н ш а ;

тәртіптік жаза қолдану ретінде;

жеке өтініші бойынша жүргізіледі.

28. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін ауыстыру барлық жағдайларда қаржы полициясы органдары және/немесе мекемелері басшыларының бұйрықтарымен ауыстыру негізі көрсетіле отырып ресімделеді.

29. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде қызмет өткеру кезеңінде алған жарақаты, дене жарақаты, ауруы салдарынан қызметінен төмендетілген жағдайда, төмендегілер алдындағы соңғы лауазымы бойынша немесе онымен салыстырғанда көбірек ақшалай үлесті бос орынды лауазымға тағайындалғанға дейінгі мерзімге төмендетілер алдындағы соңғы лауазымы бойынша ақшалай үлес төленеді.

30. Ұйымдастыру-штаттық іс-шараларды (қысқарту, қайта ұйымдастыру, көшіру, тарату) жүргізу кезінде қаржы полициясы органдары қызметкерлерін ауыстыру осы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

31. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органдарының қарамағына 15 күннен аспайтын мерзімге енгізіле алады және қарамағына 15 күннен артық, бірақ екі айдан аспайтындай болуына уәкілетті орган басшысының рұқсатымен жол беріледі.

Қарамақта тұрған қызметкерлердің жұмысқа, демалысқа, ауруы бойынша демалысқа шығуының есебін жүргізуді олардың тікелей бастықтары жүзеге асырады және жұмыс уақытын есептеу табелінде ресімдейді.

Қарамақта тұрған қызметкерлерге сондай-ақ қайта ұйымдастыру кезінде қаржы полициясы органдарының кадрлар бөлімшесі лауазым ұсынады, ал ұсынылған лауазымнан бас тартқан жағдайда қызметкерлермен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес тоқтатылады.

32. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қарамақта болған уақытына, бірақ штаттық лауазымынан босатылған күнінен бастап екі айдан артық емес уақытқа ақшалай үлес соңғы негізгі лауазымы бойынша лауазымдық жалақысы мен арнайы атағы үшін қосымша ақысы мөлшерінде төленеді. Олар қарамаққа енгізілгенге дейін тұрғын үйін ұстауға және коммуналдық қызмет төлемдеріне ақшалай өтемақы алып тұрған болса, олардың осындай өтемақы алуына да құқығы бар.

33. Қаржы полициясы органдарының қарамағында болған мерзімге:

1) қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің осы Ережеде белгіленген демалыстарда болған кезеңі;

2) қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің емдеу мекемелерінде емделуде болған кезеңі;

3) ақтайтын негіздер бойынша ақтау үкімі шығарылған жағдайда қылмыстық іс қысқартылған немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуына байланысты қамауда болған уақыты қамауға алынған күннен бастап босатылған күнді қоса алғанда есептелмейді.

34. Атқаратын лауазымдарынан босатылған және қарамақта тұрған, кезекті жыл сайынғы демалысын пайдаланбаған қызметкерлерге, олардың қызметте

одан әрі болуы туралы мәселенің шешімі кешіктірілген жағдайда, пайдаланылмаған демалысы берілуі мүмкін.

35. Бос қызмет орны бойынша міндеттерді уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі екі айдан, ал бос емес қызмет орны бойынша, әдетте, төрт айдан аспауы тиіс.

36. Белгіленген тәртіпте негізгі міндеттерінен босатыла отырып, басқа лауазымдар бойынша міндеттерді уақытша орындау жүктелген штаттық лауазымдағы қызметкерлерге ақы төлеу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

штаттағы орынбасарларға, өздерінің тікелей бастықтарының бос емес лауазымы бойынша қызметтік міндеттеріне қарамастан, ақшалай үлес төлеу уақытша атқарып жүрген лауазымы бойынша емес, олардың негізгі лауазымы бойынша жүргізіледі;

басшының бос қызмет орны бойынша міндетті, соның ішінде оның орынбасарларының да, уақытша атқаруы кезінде, бос қызмет орны бойынша коэффициент алына отырып, бірақ екі айдан артық емес уақытқа ақы төленеді, бұдан әрі оларды осы лауазымға тағайындау немесе бос қызмет орны бойынша міндеттерді орындаудан босату туралы шешім қабылдануы қажет.

Лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарудың үздіксіз мерзімі лауазымды атқаруға кіріскен күннен бастап, бірақ бұйрықта айтылған күннен ерте емес, ал күні көрсетілмеген жағдайда, бұйрыққа қол қойылған күннен ерте емес, міндеттерін атқарудан босатылған күн қоса алынып есептеледі.

Лауазым бойынша міндетті атқарушы етіп тағайындау қызметкерлерді лауазымдарға тағайындау және оларды ауыстыру құқығы берілген қаржы полициясы органдары басшыларының бұйрығымен ресімделеді.

37. Бос емес лауазымдар бойынша міндеттерді уақытша атқарғаны үшін ақы төлеу, егер осы лауазымды тұрақты атқаратын қызметкер қаржы полициясы органынан кеткен (емделуге, демалысқа, қызметтік іссапарға, оқуға және т.б.) жағдайда ғана жүргізіледі.

Лауазымдарды уақытша атқаруға тағайындалған қызметкерлердің демалыста, уақытша атқаратын лауазымы бойынша міндеттерді атқарумен байланысты емес қызметтік іссапарда, оқуда, емдеу мекемелерінде емделуде болған уақыты үшін лауазымдық жалақылары олар тағайындаған лауазымдар бойынша төленеді.

38. Қаржы полициясы органдарына алғаш рет қызметке алынатын адамдар үшін тиісті лауазымға тағайындай және кандидатқа тәжірибелі қызметкерлер арасынан тәлімгер бекіте отырып, 3 айдан аспайтын сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Кандидаттың себепті жағдайлармен қызметте болмаған күндері сынақ мерзіміне есептелмейді.

Кандидаттарға тәлімгерлерді бекіту тәртібін уәкілетті органның басшысы белгілейді.

39. Сынақ мерзімі уақытында кандидат атқаратын лауазымына сәйкес қаржы полициясы органы қызметкерінің міндеттерін атқарады.

40. Лауазым бойынша міндетін атқаруда қанағаттанғысыз нәтиже көрсеткен кандидат сынақ мерзімінен өте алмаған ретінде жұмыстан шығарылуы мүмкін.

41. Егер сынақ мерзімі аяқталып, ал кандидат қаржы полициясы органдарында қызметін жалғастыра берсе, сынақ мерзімі қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне лауазымдық жалақысына коэффициент белгілеуге және зейнетақы тағайындауға құқық беретін қаржы полициясы органдарындағы қызмет өтіліне есептеледі. Бұдан кейін жұмыстан шығару тек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

42. Қаржы полициясы органдарына қызметке алынатын және аға және жоғары басшы құрамның басқарушы лауазымдарына тағайындалатын адамдарға, қаржы полициясы органдары оқу орындарының бітірушілеріне сынақ мерзімі белгіленбейді.

43. Қаржы полициясы органдарына алғаш алынатын азаматтар, бұдан бұрын құқық қорғау органдарында қызмет өткерген адамдардан басқалары, алғашқы д а я р л ы қ т а н ө т е д і .

Қаржы полициясы органының оқу орны алғашқы даярлықты, біліктілікті арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асырады.

Алғашқы даярлықтан өтудің, біліктілікті арттырудың және қайта даярлаудың тәртібі мен шарттарын уәкілетті органның басшысы бекітеді.

44. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне алғашқы даярлық, қайта даярлау, біліктілікті арттыру курстарында оқыған кезеңінде ақшалай үлесі сақталады.

45. Өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған және қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылмаған қаржы полициясы органдарының қызметкері, сот осы қылмыстық іс бойынша шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасының қылмыстық-іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеу жүргізу кезеңіне қызметтік міндеттерін атқарудан шеттетіледі. Қызметінен шеттетілген уақытында, оған ақшалай үлес толық мөлшерде төленеді .

Белгіленген тәртіппен өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауда ұстау қабылданған қызметкерлерге ақшалай үлес төлеу қамауға алынған күннен бастап тоқтатылады. Сот қолданған жаза түріне қарамастан, қамауда болған уақыт үшін ақшалай үлес төленбейді.

Ақтау үкімін шығарған, ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс

тоқтатылған жағдайда қызметкерлерге қызметте болмауға мәжбүр болған уақыты үшін ақшалай үлес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

46. Қылмыс үшін сотталуына байланысты қаржы полициясы органдарынан шығарылған, содан кейін ақталған және тиісінше лауазымы мен арнайы атағы қалпына келтірілген қызметкерлерге қызметте болмауға мәжбүр болған уақыты үшін ақшалай үлес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеледі.

47. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қаржы полициясы органдарының кадрларында қалдырыла отырып, мемлекеттік органдарға іссапарға жіберілуі мүмкін.

48. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары болып сайланған қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қаржы полициясы органдарындағы қызметтен босатылады. Олар өздерінің депутаттық өкілеттік мерзімдері аяқталғаннан кейін, белгіленген тәртіппен қаржы полициясы органдарына қызметке қайта қабылдануы мүмкін.

5. Аттестация

49. Қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарын аттестациялау (бұдан әрі - аттестациялау) - олардың кәсіби даярлығы деңгейін, құқықтық мәдениетін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін анықтау бойынша мерзімді жүзеге асырылатын рәсім.

50. Аттестациялау барысындағы негізгі өлшем қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді атқару қабілеттілігі болып табылады.

51. Қызметкерлерді аттестациялау қаржы полициясы органдарында қызметте үздіксіз болған әрбір үш жыл өткен сайын өткізіледі. Бұл ретте, аттестация көрсетілген мерзім басталған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей өткізілуі қ а ж е т .

Аттестациялауға жатқызылатын қызметкерлер жаңа лауазымдарға тағайындалған жағдайда, олар аттестациялаудан тағайындаудан кейін бір жылдан соң өтеді. Тең деңгейдегі лауазымға тағайындалған жағдайда, егер ол функционалдық міндеттерінің өзгеруіне әкеп соқтырмаса, осы мерзім есепке алынбайды.

52. Қатардағы және басшы құрамдағы адамдар арасынан жүктілігі және 3 жасқа толғанға дейін бала күтуі демалысында болған кезеңінде қызметкерлер аттестациялаудан өтпейді. Олар жұмысқа шыққаннан кейін кем дегенде алты айдан соң және бір жылдан кешіктірілмей аттестацияланады.

53. Аттестация комиссиясы кадрлар қызметінің ұсынысы бойынша қаржы полициясы органдары және/немесе мекемелері басшыларының бұйрықтарымен құрылады. Басшы аттестация комиссиясы мүшелерінің арасынан оның төрағасын тағайындайды.

Аттестация комиссиясының құрамына кемінде бес мүше кіруге тиіс. Аттестация комиссиясының жоқ мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

54. Аттестация комиссияларын құру және қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін аттестациялаудан өткізу тәртібін уәкілетті органның басшысы бекітеді.

55. Аттестация комиссиясының отырысында аттестацияланушы қызметкермен әңгімелесу жүргізіледі.

Алғашқы аттестациялауда немесе қайта аттестациялауда дене шынықтыру даярлығы бойынша белгіленген нормативтерді тапсырған және медициналық куәландырудан өткен (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда), тестілеуден өткен кезде шекті мәннен жоғары баға алған қызметкерлер әңгімелесуге жіберіледі.

Аттестация комиссиясының отырысына дәлелді себептермен (демалыс, сырқаттану, іссапар) қатыспаған қызметкерлер жұмысқа шыққаннан кейін әңгімелесуден өтеді.

56. Аттестация комиссиясының отырысына қызметкер дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда аттестация комиссиясы осы Ережеде айқындалған тәртіппен қызметкерді қайта аттестациялау туралы шешім қабылдайды.

57. Аттестация комиссиясы қызметкермен әңгімелесудің қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сай және арнайы атақты мерзімінен бұрын беруге немесе жоғары лауазымға орналасу үшін кадрлар резервіне енгізуге ұсынылады;

2) атқаратын лауазымына сай;

3) қайта аттестациялауға жатады;

4) атқаратын лауазымына сай емес және лауазымынан төмендетуге ұсынылады.

58. Аттестация комиссиясының шешімі ашық дауыспен қабылданады. Аттестациялаудан өтетін және аттестация комиссиясының құрамына кіретін қызметкер өзіне байланысты дауыс беруге қатыспайды.

59. Қайта аттестациялау алғашқы аттестация өткен күннен бастап үш айдан ерте емес және алты айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Қайта аттестациялау кезінде дене шынықтыру даярлығы жөнінде белгіленген нормативтерді тапсырмаған және медициналық куәландырудан өтпеген (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда) не тестілеуден өткен кезде шекті мәннен төмен баға алған, сондай-ақ аттестация

комиссиясының отырысына дәлелсіз себептермен келмеген қызметкерлер аттестация комиссиясының шешімі бойынша осы Ережеде айқындалған тәртіппен лауазымынан төмендетуге немесе қызметінен босатылуға ұсынылады.

60. Аттестация комиссиясы қайта аттестациялау өткізіп, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атқаратын лауазымына сай;

2) атқаратын лауазымына сай емес және лауазымынан төмендетуге ұсынылады;

3) атқаратын лауазымына сай емес және қызметінен босатылуға ұсынылады.

61. Аттестация комиссиясының шешімі үш жұмыс күні ішінде оның отырысына қатысқан аттестация комиссиясының мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

62. Кадр бөлімшесі аттестация комиссиясының шешімін қызметкердің аттестациялық парағына енгізеді, қызметкер шешіммен ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қол қоя отырып танысады.

63. Аттестациядан өткен қызметкердің аттестация парағы және оның қызметтік мінездемесі жеке ісінде сақталады.

64. Тиісті қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы немесе лауазымды адамы түпкілікті шешім қабылданатын қорытындысы бойынша қайта аттестациялауды тағайындай алады. Аталған аттестация Ереженің осы бөліміне сәйкес жүргізіледі.

65. Қызметкердің аттестация комиссиясының шешіміне басшыға немесе жоғары тұрған лауазымды адамға шағымдануына не сотқа жүгінуге құқығы бар.

66. Осы Ереже нормалары мен аттестациялау жүргізу тәртібінің бұзылуы анықталған жағдайда уәкілетті орган тиісті қаржы полициясы органының аттестация комиссиясы шешімінің күшін жояды.

67. Қаржы полициясы органдарына қызметке алғаш немесе мемлекеттік қызмет өтілінде үзіліспен қабылданған қызметкерлер Ереженің 52, 53-тармақтарында белгіленген мерзімдерде, қаржы полициясы органдарында үш жыл үзіліссіз қызмет атқарғаннан кейін аттестациялаудан өтеді. Бұл ретте, егер мемлекеттік қызметші қызметтен босатылған күннен бастап оны қаржы полициясы органдарына тағайындағанға дейінгі уақыт үш айдан аспаса және көрсетілген кезең ішінде оның өзге заңды (мемлекеттік органдарды есептемегенде) және жеке тұлғалармен еңбек қатынасы болмаған жағдайда, қаржы полициясы органдарында болуы үзіліссіз деп саналады.

6. Қаржы полициясы органдарының кіші, орта және жоғары басшы құрамына арнайы атақтар беру (атақтардан айыру) тәртібі

68. Қатардағы және басшы құрамдағы лауазымға тағайындалған, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының оқу орындары күндізгі бөлімдерінің курсанттары (тыңдаушылары) қатарына қабылданған Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес:

1) қатардағы құрам: қаржы полициясының қатардағы қызметкері;

2) кіші басшы құрам: қаржы полициясының кіші сержанты; қаржы полициясының сержанты; қаржы полициясының аға сержанты; қаржы полициясының старшинасы;

3) орта басшы құрам: қаржы полициясының лейтенанты; қаржы полициясының аға лейтенанты; қаржы полициясының капитаны;

4) аға басшы құрам: қаржы полициясының майоры; қаржы полициясының подполковнигі; қаржы полициясының полковнигі;

5) жоғары басшы құрам: қаржы полициясының генералы арнайы атақтары беріледі.

69. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне арнайы атақтар олардың біліктілігін, білімін, қызметке қатынасын, еңбек сіңірген жылдарын және атқаратын штаттық лауазымын, сондай-ақ осы Ережеде көзделген басқа да талаптарды ескере отырып, кезектілігімен, дербес беріледі.

70. Берілу кезектілігіне қарай арнайы атақтар алғашқы және кезекті деп б ө л і н е д і .

Басшылық құрамның кезекті арнайы атағын уәкілетті органның басшысы қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін көтермелеу ретінде алдыңғы атақтағы белгіленген еңбек сіңіру мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын немесе атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген арнайы атақтан бір саты жоғарылатып беруі м ү м к і н .

Кіші, орта және аға басшы құрамның алғашқы арнайы атақтарын уәкілетті органның басшысы береді.

71. Орта және аға басшы құрамның кезекті арнайы атақтарын алдыңғы атақтағы белгіленген еңбек сіңіру мерзімі аяқталғаннан кейін уәкілетті органының басшысы, ал кіші басшы құрамға - уәкілетті орган басшысының уәкілетті орынбасары береді.

72. Кіші және орта басшы құрамның кезекті арнайы атақтары, осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, кезекті атақ атқарып келген штаттық лауазымы бойынша көзделген шекті атаққа сәйкес келген жағдайда және алдыңғы атақта белгіленген еңбек сіңіру мерзімі аяқталуына қарай кезектілік т ә р т і б і м е н б е р і л е д і .

Қаржы полициясы органдарының аға басшы құрамының арнайы атақтары

құзыреті және құрамын уәкілетті органның басшысы айқындайтын комиссияның шешімі негізінде беріледі.

73. Басшы құрамның арнайы атақтарында еңбек сіңіру жылдарының мынадай мерзімдері белгіленеді:

қаржы полициясының кіші сержанты атағында - 1 жыл;

қаржы полициясының сержанты атағында - 2 жыл;

қаржы полициясының аға сержанты атағында - 3 жыл;

қаржы полициясының лейтенанты атағында - 2 жыл;

қаржы полициясының аға лейтенанты атағында - 3 жыл;

қаржы полициясының капитаны атағында - 4 жыл;

қаржы полициясының майоры атағында - 5 жыл;

қаржы полициясының подполковнигі атағында - 5 жыл.

74. Қаржы полициясының қатардағы қызметкері, старшинасы және полковнигі атақтарында, сондай-ақ жоғары басшы құрамның атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері белгіленбейді.

75. Қаржы полициясының лейтенанты арнайы атағы осы Ережемен белгіленген арнайы атағындағы еңбек сіңіру мерзімі аяқталғаннан кейін, ал жоғары оқу орындарын бітіргендерге - осы атақтағы еңбек сіңіру мерзіміне қ а р а м а с т а н ;

қаржы полициясы органдарының оқу мекемелерін күндізгі оқу нысаны бойынша аяқтаған қызметкерлерге;

жоғары білімі бар және орта немесе аға басшы құрамның лауазымына тағайындалған қызметкерлерге беріледі.

76. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұратын азаматқа ол қаржы полициясы органдарындағы басшы құрамның лауазымына тағайындалғаннан кейін оның өзінде бар әскери атағынан төмен емес арнайы атақ беріледі.

77. Арнайы атақ мерзімінен бұрын атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атақ шегінде беріледі, ал ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар және оқу орнында штаттық лауазым атқаратын қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне арнайы атақтағы белгіленген еңбек сіңіру мерзімі өткеннен кейін лауазымы бойынша көзделген арнайы атақтан бір саты жоғары атақ берілуі мүмкін.

78. Арнайы атақтар мерзімінен бұрын алдыңғы арнайы атақтағы белгіленген еңбек сіңіру жылдары мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін және берілетін арнайы атақ атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атаққа сәйкес болған жағдайда беріледі.

79. Атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнайы атақтан бір саты жоғары кезекті арнайы атақ алдыңғы арнайы атақта еңбек сіңіру жылдары

мерзімдерінің кемінде бір жарым мерзімі өткеннен кейін беріледі. Бұл ретте, арнайы атақтарды мерзімінен бұрын және атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделгеннен бір саты жоғары етіп беру қаржы полициясында қызмет өткерудің барлық кезеңінде әрбір негіз бойынша бір реттен артық жүргізілмейді.

80. Арнайы атақтағы еңбек сіңіру мерзімі осы атақ берілгені туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

81. Қаржы полициясы органдарының орта басшы құрам лауазымдарына тағайындалған кіші басшы құрамның атағы бар қызметкерлері сол атақтағы еңбек сіңіру мерзіміне қарамастан, орта басшы құрамның бірінші арнайы атағына ұсынылады.

82. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне кезекті арнайы атақтар тиісінше қарамақта болған кезде лауазымға тағайындалғанға дейін, алынбаған тәртіптік жазасы болғанда, қайта аттестациялау кезінде лауазымына сәйкес еместігі туралы мәселе шешілгенге, ақтайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға, қызметтік тергеу аяқталғанға дейін берілмейді.

83. Қарамағындағы қызметкерге кезекті арнайы атақ берілуін негізсіз кешіктірген қаржы полициясы органының немесе мекемесінің басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

84. Арнайы атақтың бір сатысына төмендетуді:
кіші басшы құрам атағындағыларға - уәкілетті орган басшысының уәкілетті
о р ы н б а с а р ы ;

орта және аға басшы құрам атағындағыларға - қаржы полициясы уәкілетті органының басшысы қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне тәртіптік жаза беру шарасы ретінде қолданылады.

Бұл жағдайда арнайы атақтағы еңбек сіңіру мерзімі арнайы атақты бір сатыға төмендету туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

85. Қаржы полициясы органдарының арнайы атағы төмендетілген кіші, орта және аға басшы құрамдағы қызметкерлерінің бұрынғы арнайы атағының қаржы полициясы уәкілетті органы басшысының бұйрықтарымен қайта қалпына келтірілуі, атқарып отырған штаттық лауазымына қарамастан, атақта төмендетілген күннен бастап бір жылдан ерте болмауы тиіс.

86. Қаржы полициясы органдарының қызметкеріне бұрынғы арнайы атағы қайта қалпына келтіргенге және оған кезекті арнайы атақ берілгенге дейін арнайы атақтан қайта төмендету жүргізілмейді.

87. Қызметкерлерге қатысты арнайы атақтарынан айыру туралы заңды күшіне енген соттың айыптау үкімін орындауды:

кіші басшы құрамға қатысты уәкілетті орган басшысының уәкілетті
о р ы н б а с а р ы жүзеге асырады ;

орта және аға басшы құрамға қатысты уәкілетті органның басшысы жүзеге

а с ы р а д ы ;

жоғары басшы құрамға қатысты қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қызметтік тәртіп

88. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтік тәртіп қызметкерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, қаржы полициясының органдары мен мекемелері, оқу орындары басшыларының бұйрықтарымен және осы Ережемен белгіленген нормалар мен ережелерді сақтауын білдіреді.

89. Басшы өз қарамағындағылар арасындағы қызметтік тәртіптің жай-күйіне жауап береді. Басшы оларға жоғары талап қоюмен қатар:

1) қарамағындағылардың еңбегі, демалысы және біліктілігін арттыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

2) қарамағындағылардың қызметтік міндеттерін орындау үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелейді;

3) қарамағындағылардың қызметтік іс-әрекетін бағалауда жариялылық пен әділдікті қамтамасыз етеді;

4) қарамағындағылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

5) жеке құрам арасында сыбайлас жемқорлық көріністері туындауының, жеке бастық сипаттағы себептермен немесе қаржы полициясы органдарының қызметіндегі кемшіліктерді сынағаны үшін қарамағындағы қызметкерлерді қудалаудың жолын кеседі.

90. Міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін қаржы полициясының қызметкерлері мен оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары) үшін көтермелеудің мынадай түрлері көзделеді:

1) алғыс жариялау;

2) ақшалай сыйлық беру;

3) бағалы сыйлықпен марапаттау;

4) грамотамен марапаттау;

5) Құрмет грамотасымен марапаттау;

6) кезекті арнайы атақты мерзімінен бұрын беру;

7) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтан бір саты жоғарғы арнайы атақ беру;

8) қаржы полициясы органдарының кеудеге тағатын белгісімен марапаттау;

9) сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көзделген басқа да көтермелеу түрлері.

Қаржы полициясы органдары грамоталарының және кеудеге тағатын белгілерінің сипаттамасы мен оларды беру тәртібін уәкілетті органның басшысы айқындайды.

91. Қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен ерлігі мен батылдығы, мемлекет алдындағы айрықша сіңірген еңбегі үшін қаржы полициясының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларына ұсынылуы мүмкін.

92. Қаржы полициясы органдары мен мекемелеріндегі тәртіптік жазалар тәртіптік жауапкершілік шарасы болып табылады. Тәртіптік жазалау жасалған теріс қылықтың ауырлығын, ол жасалған кездегі мән-жайларды, сондай-ақ қаржы полициясы органы қызметкерінің оған дейінгі мінез-құлқы мен қызметіне деген қатынасы ескеріле отырып қолданылады.

93. Қызметтік міндеттерді тиесілі орындамағаны үшін қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мынадай жаза түрлері қолданылады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту;
- 5) лауазымынан төмендету;
- 6) арнайы атағын бір саты төмендету;
- 7) қаржы полициясы органдарынан шығару.

94. Көтермелеулер мен тәртіптік жазалар бұйрықтармен жарияланады. Қабылданған шешім туралы жазаланған адамды қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің кадр бөлімшелері үш күндік мерзімде (қол қойғызып) е т е д і .

Тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықпен танысудан бас тарту қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің кадр бөлімшелері жасайтын актіде ресімделеді және арнайы журналда тіркеледі.

95. Тәртіптік жаза теріс қылық мәлім болған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қ о л д а н ы л а д ы .

Қызметтік тергеу жүргізілген, сотта қаралған қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған жағдайда - кінәлінің сырқаттануы бойынша жұмыста болмаған немесе демалыста, іссапарда болған күндерін есептемегенде, тиісінше, тергеу аяқталған, қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу шешімдері қабылданған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қолданылады.

96. Қызметкер еңбекке уақытша жарамсыз, демалыста немесе іссапарда болған кезеңде, сондай-ақ егер теріс қылық жасалған күннен бері алты айдан астам уақыт өткен жағдайда, оған тәртіптік жаза қолданыла алмайды.

Уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңі, демалыста, іссапарда болуы, егер жасалған теріс қылық туралы осы кезеңде немесе ол басталғанға дейін белгілі болған болса, жаза қолданудың бір айлық мерзімін қолдануды тоқтата тұрады.

97. Жаза қолданылғанға дейін жауапқа тартылатын қаржы полициясы органдарының қызметкерінен жазбаша түсініктеме талап етілуі тиіс. Бұзушылық фактілері бойынша, әдетте, қызметтік тергеу жүргізіледі. Теріс қылық жасаған адамның түсініктеме беруден бас тартуы қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің кадр бөлімшелері жасайтын актілерде ресімделеді және жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

Өзіне қатысты қызметтік тергеу жүргізіліп жатқан қызметкерді қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары жауапкершілігі туралы мәселе шешілгенге дейін, бірақ он төрт күннен аспайтын мерзімге лауазымдық міндеттерін атқарудан уақытша шеттетугі мүмкін.

98. Қызметтік тәртіптің бұзылуының әрбір жағдайы үшін тек қана бір тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

99. Қаржы полициясы органдарының қызметкеріне қолданылған тәртіптік жазаның мерзімі оның қолданылған күнінен бастап алты айдан аспауы тиіс. Егер осы мерзім ішінде қызметкер жаңадан тәртіптік жазаға тартылмаса, онда оның тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін көтермелеу ретінде тәртіптік жазаны мерзімнен бұрын алып тастау қолданылуы мүмкін.

100. Егер қаржы полициясы органдарының қызметкеріне, басшы құқықтарының шегінен шығатын көтермелеу немесе жазалау шараларын қолдану қажет болса, онда басшы бұл туралы жоғары тұрған лауазымды адамға өтініш жасайды.

101. Жоғары тұрған басшы, егер бұрын жарияланған жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына сәйкес келмесе төмен тұрған басшы қолданған тәртіптік жазаны алып тастауға құқылы.

102. Өзіне берілген көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану жөніндегі құқықтарын асыра пайдаланған басшы бұл үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады, ал көтермелеулер мен жазалар туралы бұйрықтарды уәкілетті органының басшысы жояды.

103. Қаржы полициясы органдарының қызметкері өзіне қолданылған тәртіптік жазаға жоғары тұрған органға не сотқа шағым жасай алады.

8. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің демалыстары мен әлеуметтік кепілдіктері

104. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері, қаржы полициясы органдары оқу орындарының курсанттары (тыңдаушылары) үшін демалыстардың мынадай:

- 1) жыл сайынғы;
- 2) оқу демалысы (оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларына, сырттай оқу нысаны бойынша оқитын қызметкерлерге);
- 3) қосымша демалыс (еңбек сіңірген жылдары үшін);
- 4) жүктілігіне және бала босануына байланысты демалыс, бала асырап алған қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне демалыс;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да демалыс түрлері белгіленеді.

105. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне жыл сайын ұзақтығы 30 күнтізбелік күн демалыс берілді.

106. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне жыл сайынғы демалыстар берілген кезде сонымен қатар қызметкердің Қазақстан Республикасы шегінде демалысын өткізетін жеріне бару және кері қайту жолына арналған белгіленген демалыс ұзақтығының үстіне қосымша уақыт беріледі.

107. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне кезекті, қысқа мерзімді, қосымша демалыстары, жүктілігі және бала босануына байланысты демалыстары кезінде, демалысын өткізетін жеріне бару және кері қайту жолына берілген уақыты енгізіле отырып, оларға атқарып жүрген лауазымы бойынша демалысқа кетер күні қарсаңында алып жүрген көлемде ақшалай үлес төленеді.

Қаржы полициясы органдарының мамандары мен жұмысшыларына демалыстар беру, оның мерзімі және төлем тәртібі Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңнамаға сәйкес белгіленеді.

108. Өзге де оқу орындарында сырттай (кешкі) оқу нысаны бойынша оқитын қызметкерлерге, еңбекақысын, оқу орнына бару жолақысын төлеу, демалыстар беру мәселелері Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңнаманың нормаларымен реттеледі.

Қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне жыл сайынғы демалысқа шыққанда екі айлық лауазымдық жалақы мөлшерінде сауығуына арналған жәрдемақы төленеді.

109. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен экологиялық апат аймағы деп жарияланған өңірлерде қызмет өткеріп жүрген қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың ұзақтығы және беру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен айқындалатын жыл сайынғы қосымша демалыс алуға құқығы бар.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне жыл сайынғы демалысын бөліп алуға рұқсат етіледі.

110. Жыл сайынғы демалыс күнтізбелік жылдың ішінде жыл сайынғы демалыстар кестесіне сәйкес қаржы полициясы органдарының әрбір қызметкеріне берілуі тиіс.

111. Қаржы полициясы органдарында қызметке кірген жылғы жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы қызметке кірген күннен басталған кезеңге әрбір толық ай үшін демалыстың он екіден бір бөлігі есебімен жұмыс істеген уақытында теңбе-тең есептеледі.

112. Қызметкердің демалыс кезеңіндегі уақытша еңбекке жарамсыздығы кезінде жыл сайынғы демалысы (оның бөлігі) ауыстырылады немесе ұзартылады, бірақ, бұл ретте ақшалай үлес демалыс уақытына келетін күндер үшін сақталады.

113. Госпитальдарда, ауруханаларда, стационарларда және басқа да емдеу мекемелерінде емделіп жатқан, сырқаттануы бойынша еңбекке жарамсыздық жөніндегі босату парағы негізінде, сондай-ақ отбасының науқас мүшелерін күтіп-бағуға байланысты еңбекке жарамсыздық парағы негізінде қызметтен босатылған және сырқаттануына байланысты демалыста жүрген қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлес төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызметтік міндеттерін және қызметтік борышын орындау кезінде алған жарақатына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты емдеуде болу уақыты шектелмейді. Медициналық куәландыруға аталған қызметкерлер емдеу аяқталғаннан кейін немесе аурудың беталысы анықталған жағдайда жіберіледі.

Ұзақ ауырған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды, қаржы полициясы органдарының кадр бөлімшелері, егер еңбекке жарамсыз күндерінің саны үзіліссіз 2 айға дейін немесе 12 ай ішінде үзілістермен 3 айға дейін жетсе, емдеу-сауықтыру мекемелерінің ұсынуы бойынша қызметін одан әрі өткеруге жарамдылығын анықтау үшін медициналық куәландыруға әскери-дәрігерлік комиссияға жібереді.

Қызметтік міндеттерін немесе қызметтік борышын орындау кезінде алған жарақатына, контузиясына немесе мертігуіне байланысты емделіп жатқан қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне ақшалай үлес емделуде болған уақытына, олар атқаратын лауазымының міндеттерін атқаруды бастағанға дейін немесе қаржы полициясы органдарынан шыққанға дейін төленеді.

Қаржы полициясы органдарының қарамағында тұрған кезеңде сырқаттанып қалған қызметкерлерге ақшалай үлес төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қаржы полициясы органдарының бала күтуімен байланысты қосымша демалыстағы қызметкерлеріне, егер осы демалысқа шыққанға дейін олар

осындай өтемақы алып келген болса, тұрғын-үйді ұстауға және коммуналдық қызмет төлемдеріне ақшалай өтемақы төленеді.

Бала күтуімен байланысты демалыс аяқталғаннан кейін қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне қызметке кіріскен күнінен бастап әрбір толық қызмет айының он екіден бір бөлігі есебімен ағымдағы жылдың жыл сайынғы демалысы берілуі мүмкін.

114. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін еңбек сіңірген жылдары үшін (күнтізбелік есеппен) қосымша ақылы демалыс беріледі:

- 1) бес күнтізбелік күн - 10 жыл қызметтен кейін;
- 2) он күнтізбелік күн - 15 жыл қызметтен кейін;
- 3) он бес күнтізбелік күн - 20 жыл қызметтен кейін.

115. Жүктілігі және бала босануына байланысты демалыстар, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, ұл-қыз асырап алған әйелдерге (ерлерге) берілетін демалыстар Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы заңнамаға сәйкес беріледі.

Мұндай демалыстарда болудың уақыты арнайы атақтағы еңбек сіңірген мерзімге және лауазымдық жалақысын есептеу бойынша коэффициентті белгілеу өтіліне және зейнетақы тағайындау үшін қосылады.

116. Күндізгі адъюнктурада оқитындардан немесе диссертациялық жұмысын аяқтау, оқулық жазу үшін докторантурада дайындықтан өтушілерден басқа және басқа да жағдайларда қызметкерлерге шығармашылық ақылы демалыстар уәкілетті орган басшысы анықтайтын тәртіппен беріледі.

117. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне кейінге қалдыруға болмайтын әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешу үшін, ең алдымен, сырқаттануына, туыстық парызын орындауға байланысты, сондай-ақ басқа да дәлелді себептер бойынша демалыс өткізетін жерге баруға және кері қайтуға жолда жүру уақыты есепке алынбастан 10 күнтізбелік күнге дейін қысқа мерзімді демалыстар беріледі. Қысқа мерзімді демалыс жыл сайынғы демалыс есебіне кірмейді.

118. Қатардағы және басшы құрамдағы әйел адамдарға жүктілігі және бала босануына байланысты демалысы кезінде ақшалай үлес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді.

119. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін жыл сайынғы демалыстан негізсіз қайта шақырып алуға тыйым салынады. Қызметтік қажеттілік жағдайында демалыс беруге құқығы бар басшының жазбаша бұйрығы негізінде қызметкердің келісімімен оларды қайта шақыруға жол беріледі. Бұл ретте демалыстың пайдаланылмаған бөлігі қызметкердің қалауы бойынша тиісті жылдың кез келген уақытында беріледі. Егер демалыстың пайдаланылмаған

бөлігі 10 күнтізбелік күн және одан көп болса, қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға жол жүру уақыты беріледі. Қызметкердің қалауы бойынша демалыстың пайдаланылмаған бөлігі келесі жылдың жыл сайынғы демалысына қосылуы мүмкін.

120. Қаржы полициясы органдары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын курсанттарына (тыңдаушыларына) мынадай:

- 1) ұзақтығы 14 күнтізбелік күн - қысқы каникулдық демалыс;
- 2) ұзақтығы 30 күнтізбелік күн - жазғы каникулдық демалыс;
- 3) ұзақтығы 30 күнтізбелік күн - оқу орнын аяқтағанына байланысты демалыстар беріледі.

Қаржы полициясы органдары оқу орындарының оқу бойынша берешегі бар курсанттарына (тыңдаушыларына) каникулдық демалыс, оқу бағдарламаларымен белгіленген демалыс өткізу мерзімдерінің шегінде, оны өтегеннен кейін беріледі. Бұл ретте жазғы каникулдық демалыстың берілу ұзақтығы 15 күннен кем болмауы тиіс.

Оқу орнын күндізгі оқу нысаны бойынша бітіруіне байланысты бітірушілерге демалыс олар қаржы полициясы органында жеке бөлу орны бойынша лауазымға тағайындалғаннан кейін беріледі.

Қаржы полициясы оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) жыл сайынғы және қосымша демалыстар берілмейді.

Азаматтық жоғары оқу орындарына түсушілерге түсу емтихандарын тапсыру үшін ұзақтығы 15 күнге дейін ақшалай үлес сақталмайтын демалыс беріледі.

121. Адыюнктураға түсуші қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне түсу емтихандарына дайындалу және оларды тапсыру үшін ұзақтығы 15 күнтізбелік күн ақшалай үлес сақталмайтын оқу демалыстары беріледі.

122. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

123. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдарына қарай лауазымдық жалақысына коэффициент белгілеуге құқық беретін жұмыс өтіліне, қызметіндегі үзілістерге қарамастан, мыналар есептеледі:

1) қаржы (салық) полициясы органдарының, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Әділет министрлігінің, Білім министрлігінің оқу орындарында және қаржы полициясы органдарының қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және білімін жетілдіру жөніндегі курстарда оқыған уақыты;

2) қаржы полициясы, ұлттық қауіпсіздік, бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті, ішкі істер, прокуратура, Президенттің Күзет қызметі, кеден қызметі, Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі, Әділет

министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті органдарында қызмет атқарған уақыты, сондай-ақ судья ретінде жұмыс істеген уақыты;

3) бұрынғы КСРО-ның (Кеңес Армиясында және Әскери-Теңіз Флотында) және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде шекаралық және ішкі әскерлерде, Республикалық ұланда және Қазақстан Республикасының басқа да әскери құрамаларында қызмет атқарған уақыты;

4) салық полициясы (милициясы) органдарындағы жұмыс өтілі;

5) 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақ КСР-нің және Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыты;

6) егер олар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мемлекеттік билігінің орталық органдарына іссапарға жіберілген болса, қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қаржы полициясы органдарының кадрларында болған уақыты;

7) мемлекеттік қызмет өтілі;

8) оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылық құрамның лауазымындағы педагогикалық өтілі.

124. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне мүгедектігі бойынша жәрдемақы ішкі істер органдары қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді.

125. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қаза табуы (қайтыс болуы) немесе мертігуі жағдайында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес кепілдіктер беріледі.

126. Қаржы полициясы органдары қызметкерінің қызметтік міндетін орындауға байланысты оның мүлкіне келтірілген залалдың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орны толтырылады.

127. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қызметтік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен бірінші кезекте қамтамасыз ету құқығын пайдаланады.

128. Қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ қаржы полициясы органдарының зейнеткерлеріне медициналық және санаториялық-курорттық қызмет көрсету ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

129. Қызметтік борышын (қызметтік міндеттерін) орындау кезінде мертіккен, жарақат алған немесе ауырған және қызмет өткеретін тұрғылықты жері бойынша медициналық мекемелерде тиісті бөлімшелер, мамандар не арнайы жабдықтар болмаған жағдайда қаржы полициясы органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары медициналық мекемелердің қорытындысы бойынша емделуге жұмсалған шығындарын тиісті қаржы жылына арналған республикалық

бюджеттен өтей отырып, басқа медициналық емдеу мекемелеріне емдеуге жіберіледі.

9. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің тоқтатылуы

130. Қаржы полициясы органдарындағы қызметтің тоқтатылуы және қаржы полициясы органдары қызметкерлерін қызметтен шығару Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген әскери қызметте болуының шекті жасына дейін қызметте бола алады.

131. Оң мінездемелі, қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің қызмет мерзімін олар қызметке жарамды болған жағдайда және олардың келісімімен қатардағы және басшы құрамдағы лауазымдарға тағайындау құқығы берілген басшылар бес жылға дейін ұзартуы мүмкін.

Ерекше жағдайларда ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар және білім мекемесінде штаттық қызметте тұрған жоғары және аға басшы құрамның адамдарына қызмет мерзімі осындай тәртіппен бес жылға дейін қайта ұзартылуы мүмкін.

Қызмет мерзімін ұзарту туралы мәселені шешу кезінде қызметкерлер олардың қызметке жарамдылығын анықтау үшін міндетті түрде медициналық комиссияға жіберіледі.

132. Қызмет мерзімін ұзарту осы Ережеде көзделген негіздер бойынша қаржы полициясы органдары қызметкерін қызметтен шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

133. Қатардағы және басшы құрамдағы қаржы полициясы органдары қызметкерлерін қызметтен шығару оларды тағайындау құқығына ие басшылардың бұйрықтарымен жүргізіледі.

Егер қызметтен шығару күні бұйрықта көрсетілмеген болса, бұйрыққа қол қойылған күн қызметкердің қызметтен шығу күні болып саналады.

134. Заңның 16-бабы 2-тармағының 5), 6), 7), 9), 10), 11) тармақшаларына сәйкес қызметтен шығарылған қатардағы және басшылық құрамдағы адамдар тозуын ескере отырып, өздеріне берілген киім-кешектердің құнын қайта өтейді.

135. Заңның 16-бабы 2-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес қызметтен шығатын жағдайда, қаржы полициясы органдарының қызметкерлері алдағы уақытта қызметтен шығатындықтары туралы тікелей басшыларын немесе кадр бөлімшелерін алдын ала, қызметтен шығудан бір айдан кешіктірмей, жазбаша түрде хабардар етеді.

136. Қаржы полициясы органдарынан қызметтен шығарылған қызметкерлерге:

1) босатылған күнінде лауазымда болғандарға - қызметтен шығару туралы бұйрыққа сәйкес шығарылған күнін қоса;

2) оқу орындарының курсанттарына (тыңдаушыларына) - оқу орындарының оқушылар тізімінен алынып тасталған күнін қоса;

3) қызметтен шығарылған күні қаржы полициясы органдары қарамағында тұрғандарға - қызметтен шығару туралы бұйрыққа сәйкес қызметтен шығарылған күнін қоса ақшалай үлес төлеу жүргізіледі.

137. Қаржы полициясы органдарының қайтыс болған (қаза тапқан), белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен ретінде танылған қызметкерлері қаржы полициясы органы және/немесе мекемесі басшысының бұйрығымен қаржы полициясы органдарының қызметкерлері тізімінен шығарылады.

10. Қаржы полициясы органдарындағы лауазымда, арнайы атақта және қызметте қалпына келтіру

138. Қызметте ауыстырылғаны, атқарып отырған лауазымынан босатылғаны не лауазымы төмендетілгені, арнайы атақтан айрылғаны не арнайы атақтан төмендетілгені, сондай-ақ қаржы полициясы органдарынан шығарылғаны белгіленген тәртіппен заңсыз деп танылған қаржы полициясы органдарының қызметкерлері тиісінше лауазымда, арнайы атақта, қаржы полициясы органдарындағы қызметінде қалпына келтіруге жатады.

139. Лауазымда, арнайы атақта, қаржы полициясы органдарындағы қызметінде қалпына келтіру үшін қызметтік тергеу нәтижелері бойынша қорытынды немесе соттың күшіне енген тиісті шешімі негіздеме болып табылады.

140. Заңсыз шығарылған және қаржы полициясы органдарындағы қызметіне қайта алынған қызметкерлерге шығарылған сәтінен қайта алу туралы бұйрыққа қол қойылған күнге дейінгі уақыт кезекті арнайы атақ беру, лауазымдық жалақысын есептеу жөніндегі коэффициентті белгілеу және зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарын есептеу кезінде ескерілетін үзіліссіз қызмет өтіліне есептеледі.

Соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуіне байланысты қызметтен босатылған, ал одан соң Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақталған, сондай-ақ қызметінен заңсыз ауыстырылған, лауазымы немесе арнайы атағы төмендетілген, органдардан шығарылған қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне келтірілген залалдың орнын толтыру Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

141. Қызметін ауыстыру, лауазымын төмендету, арнайы атағын төмендету, қаржы полициясы органдарынан шығару туралы заңды бұза отырып шешім қабылдаған немесе лауазымын, арнайы атағын, қаржы полициясы органдарындағы қызметін қалпына келтіру туралы шешімінің орындалуын кідірткен қаржы полициясы органдарының лауазымды адамы тәртіптік жауапкершілікке тартылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметінен заңсыз немесе негізсіз ауыстырылу, лауазымы төмендетілу не арнайы атағы төмендетілу, қаржы полициясы органдарынан шығарылу себебінен қызметкерге төленген төлемдерге байланысты қаржы полициясы органдарына келтірілген залалдың орнын толтырады.

11. Қаржы полициясы органдарында қызмет өткерудің өзге де шарттары

142. Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, кеден қызметі, прокуратура органдарының қаржы полициясы органдарына қызметке кірген әскери қызметшілері мен қызметкерлеріне олар басшы құрамның тиісті лауазымдарына тағайындалғаннан кейін, әскери және арнайы атақтары ескеріле отырып, қаржы полициясы органдарының арнайы атақтары беріледі. Қаржы полициясы органдарындағы еңбек сіңірген жылдары, олардың запаста болған мерзімдерін қоспағанда, әскери және еңбек қызметіне байланысты үзілістеріне қарамастан, әскери және арнайы атақтар, сыныптық шендер берілу көзделетін лауазымдарда жұмыс істеген уақыты ескеріліп есептелінеді.

143. Қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің соғыс уақытында және төтенше жағдайлар енгізілген жерлерде қызмет өткеру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

144. Қаржы полициясы органдарының қызметкерлері қаржы полициясы органдары жеке құрамының тізімдерінен шығарыла отырып, одан әрі қызмет өткеру үшін Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар министрлігі, Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, кеден қызметі органдарына, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау органдарына (халықаралық шарттардың негізінде) жазбаша баяны негізінде қызметке жіберілуі мүмкін.

145. Қаржы полициясы органдарында қызмет өткеруге тікелей бақылауды белгіленген өкілеттер шегінде қаржы полициясы органдары мен мекемелерінің басшылары жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК